

Для дальнейшего развития области охраны культурного наследия необходимо предпринять следующие шаги:

- Увеличить финансирование как со стороны государства, так и частного сектора для реставрации и поддержания памятников.
- Развивать образовательные программы, стажировки и обмен опытом с международными экспертами для подготовки квалифицированных специалистов.
- Активно внедрять цифровые технологии, такие как создание виртуальных архивов, 3D-моделей и интерактивных карт, что не только поможет сохранить объекты культурного наследия, но и популяризировать их.
- Развивать общественное участие в сохранении памятников через просветительские кампании, волонтерские проекты и вовлечение местных сообществ.

Эти меры не только помогут сохранить культурное наследие для будущих поколений, но и укрепят его роль как важного элемента национальной идентичности и развития страны.

Охрана историко-культурного наследия Казахстана — это не просто задача, а неотъемлемая часть нашего будущего, основанного на знаниях, памяти и уважении к прошлому. Сохранение памятников играет ключевую роль в формировании национальной идентичности и способствует сплочению народа. Мы уже достигли значительных успехов в этом направлении, но впереди ещё много работы. Внедрение международного опыта, использование новых технологий и методов охраны памятников, а также развитие туризма, ориентированного на культурное наследие, — всё это будет способствовать решению текущих проблем и сохранению нашего наследия для будущих поколений. Таким образом, мы сможем передать нашу историю и культуру следующим поколениям, оставив им не только материальное наследие, но и духовные ценности, которые послужат вдохновением для создания достойного будущего[5].

Список использованной литературы:

1. UNESCO: Информация о мавзолее, включая его значение и историю, доступна на сайте ЮНЕСКО, посвященном памятникам всемирного наследия. Этот ресурс подчеркивает его архитектурную уникальность и историческую важность.
2. Azretsultan.kz: На официальном сайте государственного историко-культурного музея-заповедника "Әзірет Сұлтан" подробно описаны архитектурные особенности, размеры и уникальные конструктивные решения мавзолея.
3. Карта Культуры (culturemap.kz) – предоставляет детальную информацию об архитектуре и истории мавзолея, включая особенности декора, материалов, и символического значения некоторых элементов комплекса.
4. Wikiway.com – содержит подробное описание мавзолея, его внутреннего устройства, а также информацию о размерах и значении купола как символа единства и гостеприимства. Также описаны различные помещения мавзолея, такие как мечеть, библиотека, и хозяйственный комплекс.
5. Информация про нынешние проблемы в Казахстане, а также их причины.

КӨНЕ САРАЙШЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ

Ерсайнова А.Ж.

Ғылыми жетекшісі: PhD Есен С.Ғ.

Астана Халықаралық университеті

ayersaynova@bk.ru

Астана қ.

Қазақстанның ортағасырлық тарихында Сарайшық қаласының алатын орны ерекше. Бұл қала тек сауда мен мәдениет орталығы ғана емес, сонымен қатар Алтын Орда мен Ноғай Ордасының саяси-экономикалық және рухани орталығы болған. Атырау облысындағы Жайық өзенінің бойында орналасқан көне қалашық өзінің стратегиялық маңызы арқасында Ұлы Жібек жолының бір тармағын құраған. Сарайшықтың негізі XIII ғасырда қаланып, Алтын Орда дәуірінде гүлденген. Оның көне қалдықтары бүгінгі күнге дейін зерттеушілер мен археологтардың назарында. Бұл шаһардан табылған тарихи жәдігерлер мен архитектуралық құрылыстар Ұлы дала өркениетінің бай мұрасын айшықтайды. Сарайшықтың тарихы мен мәдениеті қазақ халқының тамыры тереңге бойлаған бай дәстүрлерін көрсетеді.

Мақалада қаралатын сұрақтар, бірінші, Сарайшық қалашығының тарихи қалыптасуын, мәдениетін, аймағын зерттеу. Екінші, Сарайшық қалашығының археологиялық экспедицияларының маңызы. Үшінші, қалашықты туристік нысанға айналдыруға бола ма? деген секілді ұсыныстарымды білдіремін. Жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және қалашық туралы бейнелерден, Пайдаланылған әдебиеттерінен тұрады. Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі, мақсаты мен міндеттері айқындалады.

Негізгі бөлім үш тараудан тұрады, онда көне Сарайшық қалашығының тарихи- археологиялық деректер тұрғысынан талдау және құландыға айналған қалашықты қайта қарастыру туралы ұсыныстарым. Қорытындыда зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары көрсетіліп, болашақ зерттеулерге қатысты ұсыныстар беріледі.

Сарайшық Жошы Ұлысының ірі сауда және экономикалық орталығы. Атырау қаласынан солтүстікке қарай 45 км жерде, Жайық өзенінің оң жағалауында, Махамбет ауданы Сарайшық ауылы маңында орналасқан. Сарайшық қаласы дереккөздерге сәйкес 13 ғ. Бату ханның кезінде салынған. Қала үстімен Еуропа елдері мен Алтын Орда астанасынан Хорезм қалаларына, сондай-ақ Үндістан, Ирак және Қытайға басты құрлықтық керуен жолдары өткен. Бірқатар қолайлы жағдайлар салдарынан Сарайшық, көптеген талантты шеберлердің қолдарымен салынған салтанатты сарайлар, ақша сарайы, керуен-сарай, моншалар, мешіттер, медреселер мен басқа да әсем құрылыстарымен, тез арада Жошы Ұлысы империясының басты саяси, сауда-экономикалық және мәдени орталықтарының біріне айналған. Керуен саудасынан келетін түсім, әскери олжа, жергілікті халық төлейтін салық және аса мол арзан еңбек күшінің есебінен Сарайшық қаласы тез өсті. Сарайшық туралы алғашқы естеліктерді, Ұлысу (Жайық) өзеніндегі көпір туралы араб саудагер-саяхатшысы Ибн Батута қалдырды. Ол бұл аймаққа 1333 (1334) жылы Өзбек ханның (1312-1342 ж.ж.) билігі тұсында келген. [1;102]

Сарайшықтың қарқынды дамуына Берке ханның (1257-1266 ж.ж.) жаңа дін – исламды қабылдауы да септігін тигізді. Кейіннен Өзбек ханның тұсында ислам - Алтын Орданың мемлекеттік дініне айналды, едәуір уақыт алшақтығына қарамастан, бұл екі тарихи оқиға да Сарайшық қаласында орын алған. Бұл Сарайшықтың ерекше маңызын, бүкіл Алтын Орданың рухани-идеологиялық орталығы болғандығын көрсетеді. Сарайшықта Алтын Орданың бірнеше хандары мен тарихи тұлғалары жерленген, оның ішінде Менгі-Темір (1266-1281 ж.ж.), Тоқты (1280-1312 ж.ж.), Жәнібек (1342-1357 ж.ж.), Бердібек (1357-1359 ж.ж.), Токтамыс ханның басы (1380-1406 ж.ж.) және қазақ ханы Қасым (1511-1524 ж.ж.) бар. Алтын Орданың ыдырауынан кейін Сарайшық XVI ғасырдың 40-жылдарына қарай біртұтас Ноғай Ордасы мемлекеті боп қалыптасқан Маңғыт жұртының астанасы болды. Атақты Қасым хан да (1511-1524 ж.ж.) Сарайшықты Қазақ мемлекетінің астанасы етеді. Қасым ханның кезінде Қазақ хандығының аумағы қазіргі Қазақстанның көлемінде кеңейеді, ал тұрғындар саны миллионнан асады. Бірақ, Қазақ хандығы тарихындағы шиеленісті жағдайлар нәтижесінде, Қасым хан мұрагерлері тұсындағы аумақ тұтастығын және ел тәуелсіздігін қорғауға байланысты, сансыз қақтығыстардың кесірінен Сарайшықтан уақытша айырылуға мәжбүр болды. Ақыры 1568 жылы Хақназар хан (1538-1580 ж.ж.) Қазақ хандығы құрамына Сарайшықты қайтарып алды. Алтын Орданың ыдырауынан кейін Сарайшық XVI ғасырдың 40-жылдарына қарай біртұтас Ноғай Ордасы мемлекеті боп қалыптасқан Маңғыт жұртының астанасы болды. Атақты Қасым хан да (1511-1524 ж.ж.) Сарайшықты Қазақ мемлекетінің астанасы етеді. Қасым ханның кезінде Қазақ хандығының аумағы қазіргі Қазақстанның көлемінде кеңейеді, ал тұрғындар саны миллионнан асады. Бірақ, Қазақ хандығы тарихындағы шиеленісті жағдайлар нәтижесінде, Қасым хан мұрагерлері тұсындағы аумақ тұтастығын және ел тәуелсіздігін қорғауға байланысты, сансыз қақтығыстардың кесірінен Сарайшықтан уақытша айырылуға мәжбүр болды. Ақыры 1568 жылы Хақназар хан (1538-1580 ж.ж.) Қазақ хандығы құрамына Сарайшықты қайтарып алды. Сарайшық қаласы 1580 жылы қазақтардың қарақшылық шабуылы нәтижесінде түпкілікті құлайды. Қала құландысына 1937 жылы кәсіби археолог Н.Арзютов ғылыми зерттеу мақсатында археологиялық қазба жұмысын жүргізді. 1950 жылы академик Ә.Х.Марғұлан да Сарайшыққа қазба салады. 1996-2008 ж.ж. Сарайшық қаласы орнына археолог З.Самашевтың жетекшілігімен кең көлемді археологиялық қазба жұмыстары жүрді. 2019 жылдан бастап "Сарайшық" музей-қорығының археологтары қала орнында тұрақты зерттеу жүргізуде. Сарайшық қаласы құландысындағы зерттеулер нәтижесінде, Алтын Орда кезеңіндегі қала мәдениетінен, ортағасырлық Батыс пен Шығыс өркениеті орталықтарымен мәдени байланыстар және сауда-экономикалық дамудың серпіні жөнінде бай материалдар жинақталды. Қала орнында ондаған көп функционалды бөлмелерден тұратын тұрғын үй-шаруашылық кешені қазылды, жергілікті немесе шеттен келген сырлы және сырланбаған қыш бұйымдардың көптеген үлгілері алынды. Оның ішінде алтынмен әшекейленген, зооморфты немесе өсімдік тәріздес оюларымен ерекшеленетін түрлері де кездеседі. Сырлы қыш бұйымдардың сынықтарында діни немесе басқа тақырыптағы жазулар бар. Бұл қыш материалдардан басқа, түрлі тұрмыстық-шаруашылық маңызы бар заттар, қару-жарақ бұйымдары және сансыз көп тиындар табылды. Сарайшық пен оның төңірегінің қалалық мәдениеті Төменгі Поволжьеінің, Хорезмнің және Орта Азияның үйлесімді мәдениетімен салыстырғанда, өзіндік ерекшелікке ие, бұл оның терең далалық тамырын соншалықты дәрежеде қамтуында, Дешті-Қыпшақ пен Ұлы Даланың басқа да шеткі аймақтарымен тығыз байланысында көрінеді. Қаланың өте тамаша жобаланып салынған түзу де кең көшелері мен алаңдары болған. Қаланың келбетінен шығыстың әсері айрықша байқалады. Сарайшық қаласының Сарайшықтарихы сонау XIV ғасырда Шыңғысханның ханның немересі Бату ханның билігі тұсында Алтын Орда кезеңінде қалыптасып, гүлдеді деген сипатта ой қалыптасқан болатын. [4;304] Сарайшық тарихында — Алтын Орданың кіші астанасы, Ноғай Ордасының бас қаласы, ноғай-қазақ тұтастығында Қазақ хандығының ордларының бірі болған деп сипатталады. Бірақ, тарихтың қатпар бетін парақтасақ, шексіз деректер, жазбалар, археологиялық экспедициялар және тарихтағы ұлы ғалымдардың, саяхатшылардың, археологтардың, тарихшылардың есімдерін көреміз. Бұл дегенім әлі Сарайшықтың құпиясының толық ашылмағандығы. Соның бірі Сарайшық қаласы. [3;3]

Бұл қала қалай тұрғызылды?, Алтын Орда кезеңінен бұрын бұл қала қандай болды? деген сұрақтарға тарихын зерттеу арқылы жауабын таба аламыз. Зерттеушілердің көбі, Сарайшықты Алтын Орда дәуірінде пайда болған транзиттік сауда қаласы ретінде қарастырады. Дегенмен, қалашыққа жүргізілген археологиялық

казба жұмыстары оның моңғол дәуіріне дейін қалыптасқанын хабардар етеді. Осындай алғашқы пікірді 1950-1951 жылдары қалашыққа археологиялық зерттеу жұмысын жүргізген академик Әлкей Марғұлан білдірген болатын. Бұл тұжырымды қалашықта 1950 жылы болған Хорезм археологиялық-этнологиялық экспедициясының жетекшісі С.П.Толстов та қолдайды. Соңғысының ойынша, Сарайшықтың төменгі мәдени қабаты XI ғасырдағы хорезмдік ескерткіштерге өте ұқсас, сондықтан оны X-XI ғасырларда хорезмдік колония тұрғызған болуы керек дейді. Осыған орай, Сарайшық оның алғашқы атауы емес, ол ертеортағасырлық Саксин қаласы болуы мүмкін деп тұжырымдалды. Саксиннің Хазария қаласы екендігін ескерсек, Сарайшықтың қалыптасу тарихының VII-X ғасырларда өмір сүрген Хазар қағанаты дәуірінің ескерткіші ретінде қарастырылуы қажет. Осы пікірді Қазақстандық ғалымдар С.Әжіғали, Б.Ермұханов, Т.Омарбеков тағы басқалары қазір де қолдайды. Археологтардың бұл тұжырымдарын жазба деректері де жоққа шығармайды. Мысалы, X ғасырдың басында өмір сүрген араб саяхатшысы, жазушысы Ибн-Дастенің еңбегінде Каспий теңізінің солтүстігін мекендеген хазарлардың басты қаласы ретінде Сарашень және оның қасындағы Хабнела қалалары туралы айтылады. Осында тұрған жергілікті халық қаланы қыстау ретінде пайдаланып, көктем басталған соң далаға (жайлауға) көшіп, қыс түсе кейін қайтатын болған және оны мұсылмандар мекендеген. Қалада әртүрлі құрылыстармен қатар мешіттер де салынған. Императорлық Орыс Географиялық қоғамының мүшесі В.В.Григорьевтің пікірінше, Сарайшық, Ибнь-Дасте еңбегіндегі Сарашень қаласы. Хазарияның басты қалалары - Итиль, Семендер, Беленджер, т.б., Каспийдің солтүстік және батыс жағалауларында орналасқанын және мемлекеттік діннің иудаизм болғандықтан ескерсек, Каспийдің солтүстік-шығысындағы қалалардың, оның ішінде жоғарыда көрсетілген Сарашень, Хабнелада мұсылмандар тұруы қисынды. [1;22]

XVII ғ., осман тарихшысы Кятиб Челеби (Мұстафа Абдуллах, Хаджи Халифе) жазбалары да аталған ойды қуаттайды. Оның пікірінше, Джанку (Жайық) өзенінің сағасында бұрын кумандардың астанасы болған С.ван.дж (немесе С.вай.х) қаласы бар. Кейін қала қайта салынған соң, оны ноғайлар қоныстанған және қазірде онда ноғайлардың “хандары” тұрады деп жазады. К.Челебидің еңбегін аударған ғалым Д.Девиз Сарайшықты Дешті-Қыпшақтың исламға дейінгі мәдени орталығы деп есептейді. Десекте, Сарайшық қалашығының моңғол дәуіріне дейінгі пайда болған кезеңі жөнінде тарихи мәліметтер осы дереккөздерімен шектеледі. Осыған байланысты, қазіргі кезеңде отандық тарихта қалашық XIII ғасырдың I-жартысына дейін Шыңғысханның немересі Бату ханның билігі тұсында қалыптасқан деген Әбілғазы Бахадүр ханның дерегі бойынша пікір қалыптасты. Сондай-ақ, осы дерекке сүйенсек Сарайшық Бату ханнан кейін билік басына келген Берке ханның мұсылмандыққа бет бұрған мекені болып та есептеледі. Әбілғазы Бахадүр ханның Сарайшықтың XIII ғасырдың орта тұсында пайда болды деген дерегін негізсіз деп айтуға болмас. Өйткені, осы кезеңде Жайық өзенін кешіп өткен саяхатшылар Рубрук Вильгельм мен Карпини Пляно жазбаларында Сарайшық қалашығы айтылмайды. Бұдан шығатын ой, хазарлар кезеңінде өмір сүрген қалашық Бату ханның Жайық бойына ат басын тіреген уақытында қала жұртына айналып, яғни, қиранды болып жатуы мүмкін. Себебі, аталшық туралы алғашқы деректер тек қана XIV ғасырда керуен жолының тұрақты жүруімен пайда болады. Қалған мерзімде Алтын Орданың гүлденуімен Батыс пен Шығысты жалғастырған сауда керуендерінің негізгі жолы Сарайшықтың үстімен өткен еді. Керуеннің жүруі сауда-саттықпен мәдениетті дамытумен қатар, өлке тарихына қатысты жазбаша деректердің қалыптасуына жол ашты. Осылардың ішінен қаланы өз көзімен көріп, сипаттаған араб саяхатшысы Ибн Батута жазбасы ел тарихы үшін өте құнды дереккөзі болып табылады...Сарайшықтың XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың алғашқы он жылдықтарындағы тарихы Қазақ хандығымен тікелей байланыста өрбиді. [1;17]

Ноғай Ордасының тарихын зерттеген В.Трепавловтың пікірінше XV ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығын Керей басқарған тұста оның қасындағы Жәнібек ханға кіші іні ретінде бұрынғы Өзбек ханның, одан кейін Қазақ хандығына өткен батыс қанатының (аумақтың) билеу құқығы берілген. Ал сол кезеңде батыс бетте орталығы Сарайшық болатын маңғыттардың көші орналасқан болатын. Осы кезеңде Сарайшық болатын бір қала аралығында, Сарайшық Жәнібек ханның резиденцияларының бірі болған (шамамен 1465–1470 жж.). Алайда, 1470 жылы Керей хан өлгеннен кейін Жәнібек басты хандық билікке отыру үшін шығысқа қарай көшкен.

XVI ғасырдың алғашқы онжылдықтарында Сарайшықта Керейдің ұлы Бұрындық хан билік құрды. Осы кезеңде Қасым хан Бұрындықтан алыста жүру мақсатында (себебі, ханға жақын жүріп, тиісінше құрмет көрсетпе, ханға қарсы шығысқан болар еді, ал ол бағыныуды жаны қаламады) Моғолстанмен шекаралас аумақтағы Қаратал деген жерде қыстады. Өйткені, сол уақытта Бұрындыққа қарағанда елге Қасым ханның билігі басым болатын. Бұл жағдайды көтере алмаған Бұрындық хан 1511 жылы Самарқанда көшіп сол жерде қайтыс болады. Осыдан кейін Қасым хан қазақтың барлық ұлыстары мен жерлері бағынды, оның ішінде маңғыттардың қонысы болған Сарайшықта енді. Қасым хан Қазақ хандығының әскери, саяси және экономикалық дамуы мен нығаюына ерекше үлес қосқан ұлы тұлға ретінде ел тарихында қалды. Ол бір дерек (Мұхаммед Хайдар) бойынша 1518 жылы, келесі біріне (әл-Фарафи, Хасан бек Румлу, Мунаджжим-башының және т.б.) қарағанда 1523–1524 жылдары қайтыс болған. XVII ғасырдың басындағы автор Қадырғали бектің мәліметтері бойынша ол Сарайшықта жерленген. Қасым ханның Сарайшықта жерленгендігі жергілікті сақталған мәліметтер арқылы да дәлелденеді. Мысалы, қалашыққа 1861 жылы зерттеу жұмысын жүргізген Орал әскерінің сызба бөлімінің меңгерушісі штабс-капитан А.Е.Алексеев қалашықты қазу барысында бір атақты батырдың сағана ("хан моласы" аталатын қабірі бар екендігі анықталған), оның ішінде екі киіз үйге тең көлемде жасалған бөлме бар екендігі анықталған. Ол жерде онда 2 үлкен, 4 кіші Әрине, мына мәтінді қатесіз әрі

сауатты көшіріп беремін: қабір үйіндісі бар екендігін атап өтеді. Өкінішке орай, аталған хан моласының қазіргі кезеңдегі қаланың қирандысының қай жерде орналасқанын белгісіз. Оны соңғы рет көргендердің бірі Атыраулық қоғам қайраткері Шоқан Қаражаұов былай деп еске алады: «Әкем Мырзағали 1937 жылы қайтыс боларда мені хан бейітіне, Қасым ханның жанына жерлендер, бейіттің жанында мешіт болуға тиіс деп өсиет етті. Әкемнің өсиетін орындайын деп 90-ға келіп Гурьевтен (Атыраудан) Сарайшыққа әкелдім. Сұрастыра жүріп 90-ға келіп Гурьевтен бір ноғай шалын кезіктім. [2;74]

Ол Қасым хан бейітінің баспалдақпен түсетін жартылай жерасты мешітінде екендігін айтты. Мешіттің бір қабырғасы түгелдейшымылдықпен жабулы тұр, ары қарай хан бейітінің үстінен шығасың. Әкемді сол жерге жерлеп, моласын соқтық». Көріп отырғанымыздай Қасым ханның Сарайшық топырағында жатырғандығын атадан балаға жалғасқан қазақтың далалық ауызша тарихнамасы дәлелдейді. Алтын Орда жойылып, Ресей патшалығы XVI ғасырдың орта шенінде Қазан мен Астрахан хандықтарын жойып алған соң, 1581 (1580) жылы Сарайшық қазақтар топтап, қаланы жермен-жексен етеді. Қазақтардың ойрандауы шектен шыққан соншалықты, олар өлген адамдардың бейіттерін қазып, олардың қабірлерін бүлдірген деседі. Осы кезендерден бастап қалашық көркем қирандыға айналып, Сарайшықтың ескерткіш ретінде «кейінгі» өмірі басталады деп айтуға болады. Сарайшық қирандысын 1824 жылы өз көзімен көріп, құнды дерек қалдырған ғалымның бірі А.Левшин болды. Ол қалашықтың зерттелу мәселесіне тоқталып, бірқатар ортағасырлық деректерге талдау жасайды. Дегенмен, оның салынуы жөнінде жазбаша деректерді таппаса да, ол жөнінде Қазан мен Орынбор татарларының аузызында қалған аңызды есіне алады. Оған сәйкес Сарайшық Сарайға ұқсап салынған және онда хандар тек жаз айларында, яғни, 3-4 ай ғана мекендеген. Ол үлкен Сарайдан кіші болғандықтан, оның атауы Кіші сарай деген мағынаны білдіреді деп тұжырымдайды. Одан әрі А. Левшин қалашық жөнінде былай дейді. «Көне Сарайшық қалашығының қалдығы топырақ үйіндісі немесе кішкене бекініс түрінде көрінеді. Оның басты кіре берісі 2 үшбұрышты бастаионмен (бекініс) қорғалған. Бұл бекініс цитаделдерден құралып, оның сырты өзге сыртқы дуалмен қоршалған».

Ә.Марғұлан басқарған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының 1950 жылы қалашыққа зерттеу жұмысын жүргізуі, Сарайшықтың ғылыми ортаға танылуына жол ашты. Мысалы, Сарайшық туралы дерек Ә.Марғұланның 1950 жылы шыққан монографиясында қысқаша берілсе, кейін мақала ретінде толықтай жарық көрді. Сондай-ақ, Ә.Марғұлан аталған қазба жұмысының нәтижесі туралы 1951 жылы Бүкілодақтық археологтардың жиналысында хабарлама жасап, оның қорытындысы бойынша қалашыққа жүргізілетін археологиялық жұмысты одан әрі жандандыруға шешім қабылданады. Сарайшық жөніндегі мақаланы Ә.Марғұлан бірге экспедиция құрамында болған археолог Г.Пацевичте жазады. Оның Сарайшықтан табылған қыш күйдіретін пеш туралы мақаласы республикалық және одақтық дәрежедегі ғылыми басылымдардан жарық көрді. 60-шы жылдардан бастап Сарайшық туралы жергілікті өлкетанушылардың мақаласын жариялау өз жалғасын табады. [2;125]

Соның бірі, қазіргі «Хан Ордалы – Сарайшық» музей-қорығының негізін салушы М.Намазғалиевтің мақаласы болды. Өлкетанушының мақаласы Қазақ төңкерісінің 50-жылдығымен тұспа-тұс келгендіктен, онда ескі қалашықпен қатар, кеңестік кезеңдегі Сарайшықтың жағдайы да сипатталады. 1974–1983 жылдар аралығында Сарайшықта КСРО ҒА Археология институтының Орта-Еділ (кейін Еділ-Жайық) экспедициясы (жетекшісі Л.Л.Галкин) негізінен археологиялық қазба жұмыстарымен айналысты. Жайық өзені жыл сайын қаланың 1–2 метр жағалауын шайып отырған. Осыған орай, мыс қабырғалар тұтасып жатқан оқиғаны және оның мәдени қабатын бұзбас үшін, экспедиция жағалау аудандарында алғашқы қорғаныс қазбаларын түсірумен және жағаға таяу аумақтарды зерттеумен шектелді. Сонымен қатар, Жайық бойындағы басқа да тарихи және мәдени ескерткіштерге археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. 1989 жылы қабылданған «1990–1995 жылдары Каспий бойындағы Каспийдің шығыс бөлігіндегі мәдениетті зерттеу мен Сарайшық, Ақтөбе қалаларын консервациялау және музейлендіру үшін қорғау қазба жұмыстары жүргізу» жоспары жасалды. Осы жоспар бойынша З.Самашевтің жетекшілігімен Сарайшықта зерттеу жұмысы жүргізілді. Сарайшыққа 1991–1993 жылдары Батыс Қазақстан археологиялық Экспедициясының Гурьев отряды жергілікті өлкетанушы В.Афанасьевтің жетекшілігімен және «Мирас» туристік-өлкетану клубының қатысуымен қазба жұмысын жүргізіп, қалашықтың ортағасырлық қолөнер және сауда орталығы ретінде келбетін бейнелейтін көптеген құндылықтарды тапты. Сарайшық қалашығына қатысты негізгі кешенді зерттеу жұмысын 1996–2000 жылдар аралығында И.Тасмағамбетовтың ұйымдастыруы, тікелей қатысуымен З.Самашев бастаған Батыс Қазақстан экспедициясы жүргізді. Аталған кезеңдегі зерттеулер нәтижесі Сарайшықтың қалыптасып, дамуының үш кезеңін анықтады. Археологиялық зерттеулер барысында қалашықтың әр бөлігінен оның өмір сүруінің әртүрлі кезеңіне жататын ауқымды жерлер ашылып, зерттелді. Ол бойынша үйінділерден сырдариялық қалалар мәдениетінің төменгі Еділ, Хорезм және Сырдария өңіріндегі қалаларға ұқсас болған. Жалпы қазба барысында қалашықтың қолөнер мен сауда орталығы болғандығын бейнелейтін көптеген мәдени және тұрмыстық құралдардың да айғағы табылды. Жүргізілген зерттеулер нәтижесі 2001 жылы автордың арнайы монографиясында жарық көрді. 2004 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаннан кейін қалашықта Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы 2004–2005 жылдары қайтадан зерттеу жұмыстарын жүргізді. [5, 11-12].

Сарайшық қалашығында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде қаланың XI–XII ғасырлардағы тұрғын үй іздері мен қыштық дәуіріне жататын шала күйдірілген қара түсті қыш ыдыстың белгілері табылған және Жайық төменгі ағысында Сарайшықтан басқа жерлерде XII ғасырдың қыш ыдысы кездеспеген. Осыған орай,

зерттеушілер қалашықтың өмірін төрт кезеңге бөліп, алғашқысын XIII ғасырдың ортасына дейін қамтитынын атап өтеді. Жалпы, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Сарайшық тарихын зерттеу ісіне өлкетанушылар мен жазушылар да үлес қосты. Мәселен, 2000 жылы Өлке баспасынан журналист, өлкетанушы, Республика жаратылыстану ғылымдары академиясының корреспондент мүшесі Ә.Өлійтегериевтің «Сарайшық» атты кітабы шықты. 2004 жылы «Хан Ордасы Сарайшық» тарихи-мәдени музей-қорығының қызметкері Ж.Ғизатованың («Сарайшық – астана қала») кітабы жарық көрсе, 2009 жылы зерттеуші Ө.Ноғайұлы еңбегінде Сарайшық арнайы тақырып ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, қалашық тарихын зерттеуге түрлі ғалымдар тарапынан да қомақты үлес қосылды. Әсіресе, бұл бағыттағы жұмыстардың жандануы 2004 жылы зерттеуші Ж.Мұстафин мен археолог Ғ.Салиев бастаған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының Сарайшық қалашығында жүргізген қазба жұмыстары барысында анықталған жаңалықтармен байланысты болды. Зерттеулер нәтижесінде Сарайшықтың алтын орда тұсындағы маңызы мен кейінгі кезеңдердегі ерекшеліктері туралы тың мәліметтер алынды. Археологиялық зерттеулерге сараптама жасаған белгілі археолог М.Қасеновтің еңбегін атап өтуге болады. Қазіргі кезде Сарайшық тарихына қызығушылар саны көбейіп, зерттеушілер саны артып келеді. Осыған орай, қалашықтың тарихына қатысты құрастырылып отырған деректер жинағы, Атырау тарихының «ақтаңдақ» беттерінің бірі – Сарайшық туралы мәліметтердің ғылыми айналымға енуіне жол ашу мақсатын көздейді [2;179].

Сарайшықтың бүгінгі күнде маңыздылығы қандай? деген сұрақтар осы мақаланы жазу барысында ойыма жиі келді. Менің ойымша, қазіргі кезде қалашықтың маңыздылығы орташа. Өйткені, бұл қаланы өз көзіммен көрген кезде, таңғалдым. Жәй жерде қазылып қалған қалашық неге бүгінгі күнде қайта жаңартылмасқа деген ой бірден келді. Тым болмаса, бұрын Сарайшық қалашығы бұрын осындай болды деген секілді үлкен макет жасап қойсада, бұл құландығы айналып, мәнін жоғалтқан қалашықты тануға үлкен пайдасын берер еді. Менің осы тұста өз ұсынысым, Сарайшықты туристік аймаққа айналдыруға болады. Яғни, тек қана қалашықты зерттеп қана қоймай оның ары қарай да қорғалуына, қайта қаралып бой көтеруіне өзіндік үлес болар еді. Қазіргі заманғы Қазақстан үшін Сарайшықты зерттеу – тарихи сананы жаңғыртудың маңызды бөлігі. Бұл қалашық қазақ халқының жеріндегі өркениеттің ежелден бар екенін дәлелдеп қана қоймай, ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді. Сарайшықтың тарихы жас ұрпақ үшін рухани тәрбие мен патриотизмнің негізіне айналуы қажет. Көне қаланы қайта мәдени-тарихи құндылығы жан-жақты ашылып, оны сақтау мен насихаттаудың өзектілігі айқындала түседі. Қорытындылай келе, бұл көне қалашықты зерттеу – тек өткенді тану емес, сонымен қатар болашаққа бағытталған маңызды қадам. Сарайшықтың Алтын Орда, Ноғай Ордасы және Қазақ хандығы дәуірлеріндегі рөлі мен маңызы, оның Ұлы Жібек жолындағы орны, сауда мен мәдениетке қосқан үлесі ұлт тарихының ажырамас бөлігі екенін дәлелдейді. Қаланың аумағынан табылған тарихи жәдігерлер мен сәулет ескерткіштері қазақ жеріндегі өркениеттің терең тамырларын көрсетеді. Сонымен қатар, Сарайшықты зерттеу арқылы халқымыздың рухани-мәдени мұрасы кеңінен ашылып, тарихи сананы жаңғыртуға мүмкіндік беріледі. Бұл зерттеулердің нәтижесінде Қазақстанның ұлттық бірегейлігі мен мемлекеттік идеясы нығайтып, ұрпаққа рухани тәрбие беруде жаңа серпін пайда болады. Сарайшық – бабаларымыздың ұлы мұрасы, оны сақтау және зерделеу – бүгінгі және болашақ ұрпақтың қасиетті борышы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Сарайшық - бабалар мұрасы / Ж.К.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев. - Атырау: “Ағатай” баспасы, 2015. - 224 б.
- 2.Ортағасырлық Сарайшық/Ә.Мұқтар, У.Ахметова, П.Петров, А.Тұрарұлы, А.Жұмабаева, Қазақ тілі баспасы, 2024. - 368 б.
- 3.Маргулан А.Х. Раскопки Сарайчика.Тезисы доклада на Всесоюзном археологическом совещании 1951г.// Архив Института археологии им. А.Х.Маргулана.Инв.763 а.
- 4.Толстов С.П. Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция Академии наук 1950г. // Советская археология. - М.,1953.Т.18. С.304
5. Самашев З.,Кузнецова О., Плахов В. Сарайшықтың қыш бұйымдары. - Алматы.2008.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫ

Ерсенқызы Е.Ж.

Ғылыми жетекшісі:PhD Есен С.Ғ.

Астана Халықаралық университеті

erkin0janaiym@gmail.com

Астана қ

Ортағасырлық Сығанақ қаласы - Қазақстан тарихындағы елеулі рөл атқарған ежелгі қалалардың бірі. Орналасқан географиялық аймағы оны Орталық Азиядағы мәдени, экономикалық және саяси орталықтардың бірі етіп көтерді. Сығанақ қаласы қазақ халқының этникалық қалыптасуында маңызды рөл ойнаған ірі сауда